ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

/Ә. Бөкейханның туғанына 150 жыл/

Әлихан Бөкейхан

(25.03.1866ж.-27.09.1937ж.)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының бақытты келешегі, ұлттық тәуелсіздігі үшін күресуші үлкен зиялы топ қалыптасты. Солардың бірі көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, публицист, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы, Алашорда үкіметінің төрағасы болған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылы 25 наурызда (кейбір деректерде 3 наурыз деп айтылады) бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысының 7-ші аулында дүниеге келген. Әлихан Бөкейханов Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қаркаралыға жергілікті молданың қолына оқуға береді, кейіннен ол үш сыныпты бастауыш мектепте білім алады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қаркаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1890-1894 жылары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды.

Әлихан Бөкейханов жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынады». Ол институтты бітіргеннен кейін Омбы қаласындағы орман шаруашылығы училищесінде оқытушы.

«Степной Край» газетінде қызметкер болып жұмыс істейді.

ВОСКРЕСЕНЬЕ, 21 ФЕВРАЛЯ 1899 ГОДА.

№ 23. ГОДЪ VII.

СТЕПНОЙ КРАЙ

№ 23. ГОДЪ VII.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ЛИТЕРАТУРНАЯ ГАЗЕТА.

ВЫХОДИТЪ ВЪ Г. ОМСКѢ ТРИ РАЗА ВЪ НЕДѢЛЮ

ПО СРЕДАМЪ, ПЯТНИЦАМЪ И ВОСКРЕСЕНЬЯМЪ.

1899 год. ОТКРЫТА ПОДПИСКА VII г. ИЗДАНІЯ НА ОБЩЕСТВЕННО-ЛИТЕРАТУРНУЮ ГАЗЕТУ „СТЕПНОЙ КРАЙ" ВЫХОДЯЩУЮ ВЪ Г. ОМСКѢ ТРИ РАЗА ВЪ НЕДѢЛЮ. по средамъ, пятницамъ и воскресеньямъ.

УСЛОВІЯ ПОДПИСКИ:

МАГАЗИНЪ М. А. ШАПИНОЙ НОВОСТИ весенняго и лѣтняго сезоновъ.

СОДЕРЖАНІЕ:

ТЕЛЕГРАММЫ «РОССІЙСКАГО ТЕЛЕГРАФНАГО АГЕНТСТВА»

18 Февраля.

МАДРИДЪ. Полагаютъ, что будетъ составленъ либеральный переходный кабинетъ; кортесы прекратятъ свои засѣданія.

РИМЪ. Бюллетень о состояніи здоровья Папы въ 5 ч. вечера: „сонъ спокойный, общее состояніе удовлетворительное, но затруднительность мочеиспусканія имѣетъ все время прилипчивый".

19 Февраля.

ПЕТЕРБУРГЪ. Высочайшіе указы: генералъ-губернаторъ Вышеславцевъ назначенъ сенаторомъ, помощникъ начальника управленія медицинской части Приамурскаго военнаго округа Кашкинъ, докторъ медицины Гаазенъ увольняется отъ службы, согласно прошенію, по болѣзни.

ПАРИЖЪ. Давидъ Шварцъ послѣ запасительной рѣчи, заслушанія отзывовъ о мотивахъ, нашелъ возможнымъ не признать своего рѣшенія.

— Президентъ Лубе поселился въ Елисейскихъ дворцахъ.

МАДРИДЪ. Генералъ Рохеръ, сдавшій Санта-Цеа, объявилъ въ воскресенье городскимъ-регентамъ совѣщаться съ городскими гегемонами и Рейесомъ: населеніе высказалось за учрежденіе палаты, которая соберется не прибѣгать къ тѣмъ мѣрамъ. Въ Валенсіи 1,500 горожанъ рабочихъ устроили стачку; прошелъ безпорядки; было арестовано 15 главныхъ.

РИМЪ. Бюллетень здоровья Папы: день прошелъ безъ всякихъ осложненій, на операціонныхъ мѣстахъ была не ощущается, въ теченіи дня Папа, съ удовольствіемъ принялся пищу, мочеиспусканіе хорошее; температура 37,7°, дыханіе 23, пульсъ 78.

ПАРИЖЪ. Въ коридорахъ бурбонскаго дворца много говорятъ о правительственныхъ мѣрахъ противъ разныхъ лицъ, увѣряютъ, что правительство намѣрено закрыть всѣ дѣла, существованіемъ только изъ одной торговли; такъ какъ предложенія противъ Деруледа обратили внимание прокуроровъ на незаконное существованіе лигъ патріотовъ, то правительство рѣшило судебными порядками признать незаконность существованія различныхъ другихъ лигъ потребовать приговора объ

Царск.-Сибирск. пароходс. прав. протяжен. водн. сообщ. г. А. Сурк

Въ Воскресенье 21-го февраля 1899 г.

ДАНО БУДЕТЪ

МАСКАРАДЪ

ДВА ОРКЕСТРА МУЗЫКИ

ВСЕ ЗА ОДНУ ПЛАТУ.

ПРЕМІЯ ЗОЛОТОЙ БРАСЛЕТЪ

Цѣна мѣстамъ обыкновенная.

АНОНСЪ. Въ понедѣльникъ, 22 февраля представленія не будетъ.

АНОНСЪ. Во вторникъ, 23 февраля, большое блестящее представленіе, въ бенефисъ исполнительницы дрессировщицы лошадей и директора цирковыхъ г. Альберта Сурк, новая интересная программа. Подробности въ афишахъ.

«Степной край» газеті (1899)

Орыстың императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиыннан кейін. Бірінші қатарда солдан оңға қарай төртінші болып отырған - Ә.Н.Бөкейхан. Омбы. 1902 жыл.

Ағартушы. Педагог

«Халық бостандығы» партиясының парламенттік тобы «Халыққа - халық өкілдерінен» атты Выборг үндеуіне қол қойғаннан кейін. Оңнан солға қарай үшінші - Ә.Бөкейхан. Териоки мекені, Выборг (Финляндия). Шілде, 1906 жыл.

Әлихан Бөкейхан. I Думаның Семей облысы қазақтарынан сайланған депутаты. Омбы. 1906 жыл.

1906 жылы Ә.Бөкейхан редакторы болған, Омбыдан шыққан «Омичъ» және «Иртышъ» газеттері.

Әлихан Бөкейхановтың жетекшілігімен 1917 жылы шілдеде 1 жалпықазақ съезі өткізілді, сондай-ақ, «Алаш» партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов 1917 жылдың күзі мен қысында мемлекетті бостандыққа жеткізудің түрлі жолдарын қарастырды. Сонымен қатар Әлихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ съезі болып өтті.

Алашорда ұлттық территориялық автономиясының жетекшілері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат. Оренбург, 1913 жыл.

1916 ж.

Кеңес билігі тұсында ол туған халқы үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. 1920 жылы Қазақ АКСР-і Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 жылы ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты (Мәскеу қаласы) жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, 1926-27 жылдары Ресей Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері болды.

Алаштық интеллигенция, Семей, 1918 жыл

Алашорда мүшелері. Үшінші қатарда отырғандар: солдан оңға қарай бірінші - Ахмет Байтұрсынұлы, бір кісіден кейін Алашорда төрағасы - Әлихан Бөкейхан. Семей, 1918 жыл. Сурет Сұлтан Хан Аққұлының жинағынан алынды.

Әдебиетші. Аудармашы. Ғалым

Біз бай, білімді, әрі күшті болуымыз керек. Бай болу үшін – кәсіп, білімді болу үшін – оқу керек. Ал күшті болу үшін – бірлік керек

Ә. Бөкейханов

Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын...

© Әлихан БӨКЕЙХАН

Әлихан Нұрмұхамедұлы бастаған ұлттық зиялылар буыны қазақ қоғамына ағартушылық идеясын жаюшы, сол арқылы оны жаңа сапа және сатыға көтерген буын болды

М. Қойгелді

Саяси және қоғам қайраткері

Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды

Ә. Бөкейханов

Әлихан Бөкейханов жиені Ескендірмен

ИРТЫШ
ИРТЫШ
ГОЛОС
ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН
ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН
ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН

Әлихан Бөкейхан өзінің үйінде.
1937 жыл, Мәскеу қаласы.



Ату жазасы алдындағы Әлихан Бөкейхан. Мәскеу, 1937 жыл.

Ә. Бөкейханның еңбектері





Әлихан Бөкейхан
шығармаларының 9 томдық толық жинағы

Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды

Қ. Кеменгерұлы

63.3(2К)
К 60
ТІРШІЛІК
ЖУРНАЛЫНЫҢ
КІТАПХАНАСЫ
Бейбіт
Қойшыбай ұрпағы
РУХ
МҰСТАФА ШОҚАЙҰЛЫ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН
ТҰРАР РЫСҚҰЛҰЛЫ
НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛҰЛЫ
БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕ
НИКОЛАЙ РОМАНОВ


63.3(5Каз)
К 60
Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
АЛАШ
ЖОЛЫ
Akmolinsk
JETISU
Taldy-Kurgan
Almo-Ata
Aulie-Ata


63.3(5Қаз)
С 17
Қайрат САҚ
АЛАШ
мұрасы


63.3(5Қаз)я2
А 39
АЛАШ ОРДА
Алаш
Алашорда
энциклопедия
Алаш мұрасы

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

63.3(5Қаз)
Ж-С 82

«ҰРАНЫМ – АЛАШ!..»

1

Әлихан Нұрмұхамедұлы жаңа тарихи жағдайда қазақ ұлттық мемлекеттігін жаңғырту ісін теориялық және практикалық тұрғыдан қолға алып, заман сұранысына лайық өлшеусіз көп жұмыс атқарған тұлға

М.Қойгелді


63.3(5Қаз)
Қ 59
Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ
ТАРИХ –
күрес алаңы


63.3(5Қаз)
Қ 59
Мәмбет
ҚОЙГЕЛДИЕВ
ҚАЗАҚ ЕЛІ:ҰЛТТЫҚ
БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ
ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС
(XIX ғ. – XXI ғ.басы)

Әлихан Нұрмұхамедұлының қажырлы еңбегінің арқасында қазақ азаттық қозғалысы заман сұранысына лайық деңгейге көтерілді. Ұлт тарихындағы бағдарламалық мақсатты көздеген тұңғыш саяси партия - «Алаш» өмірге келді, ұлттық мемлекеттік идеясын іске асыруды көздеген Алашорда үкіметі құрылды

М. Қойгелді


83.3(5Каз)
І-95
Айгүл
Ісімақова
АЛАШ
ӘДЕБИЕТТАНУЫ


63.3(5Каз)62
Т93
Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы
АЛАШ
ҚОЗҒАЛЫСЫ
Алаш-Орда.
Алаш-Орда

63.3(5Каз)я72
Т 21

Тарихи тұлғалар

Алматыкітап баспасы

63.3(5Каз)
Ш 69

Мырзатай Жолдасбекұлы
Қойшығара Салғарақұлы
Ақсепеу Сейдімбек

Елтаным

83.3Каз
Б 16

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

ЗАМАНА ТУДЫРҒАН ӘДЕБИЕТ

63.3(5Каз)
Д 16

ҚАЛИБЕК ДАНИЯРОВ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ

63.3(2Қаз)
Б 94

84(Қаз)-7
Ұ 413

ҰЛТ РУХЫ

Алаш қайраткерлерінің афоризмдері

ҚАЗАҚ
КӨТЕРІЛІСТЕРІ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ


АЛАШ
көсемсөзі
9
АЛАШ
көсемсөзі
10

Балабаршын СМАХАНҰЛЫ

Бұл тақырыпқа бірінші болып қалам тартқандардың бірі Әлекеңнің туған інісі Смахан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан еді.

Жазған еңбегі жарты ғасырдан астам уақыт сонау 50-ші жылдардың басынан жасырын күйінде сақтаулы жатты. Олай дейтініміз тоталитарлық жүйенің қатал қыспағынан, бақылау мекемелерінің астыртын іс-әрекеттерінен «халық жауының» әулеті жайлы жазылған тақырыптың ешбір қолдау таппасы анық еді. Тіпті, қаламдары ұшталған лауазымды ғалымдардың монографиялық еңбектері ескерілмей, теріс бағытта насихатталады.

Әлекеңнің әулеті

Тәуелсіздік алып, егеменді ел болып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған соң, Әлихантану кезеңі де басталып кетті. Соның айғағы ретінде еңбектері жарық көрді. Ғасырлар тоғысында, үшінші мыңжылдықта ол «ғасыр адамы» атанды.

Әлихантану кезеңі бұдан әрі де жалғасын тауып, сабақтастығын жалғастыра береді.

Смахан Бөкейханның естеліктері жұқа он сегіз дәптерден тұрады. Ескі төте (әріп) жазумен хатқа түсірілген. Естеліктердің алғашқы тоғыз дәптерінде Ә.Н.Бөкейханға тікелей қатысты мәліметтер, оның өмірі мен қызметінің белгісіз сәттері сипатталса, қалған дәптерлерінде қайраткердің ата-бабалары туралы мағлұматтар мол берілген.

Бұл естеліктің он дәптері бірінші рет «Жұлдыз» журналында 1996 жылы жарық көрген. Естелікте Бөкейхан әулетінің шежіресі Шыңғысханнан Балабаршынға дейін қамтыған.

Бөкейхан — Әлиханның 4-ші атасы. Бөкейхан–Батыр–Мырзатай — Нұрмұхамед.

Әлихан, Смахан, Әзілхан, Базылхан ұрпақтарынан қалған қазіргі кезеңдегі ұл балалары: Евгений, Балабаршын, Сырым, Нұрым.

Олардан: Петре, Темірлан, Нұралы, Марғұлан, Темір. Бұлардың балалары: Шыңғыс, Әлихан, Күнтуған, Әсел, Асыл-Нұрай. Алла осыларға ғұмыр берсін.

Батыр сұлтанның кенже ұлы Мырзатай 93 жасында 1913 жылы Желтауда қайтыс болған. Желтаудың етегіндегі, Жіңішке мен Тоқырауын өзендерінің бойындағы Бөкейхан әулетінің зираты бұрын «Мырзатай» бейіті

Әлихан Нұрмұхамедұлы БӨКЕЙХАН:

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАННАН БАСҚА ОТАНЫ ЖОҚ

Қазақ жақсысы орыс етегінен жем жегенді зор өнер көреді.

***

Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Сондықтан да, Қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс!

***

Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды.

***

Аз адам атқа міндім деп қасқыр болып жұртқа шапса, бұл жұртта береке болар ма?

***

5 миллион қазақ тілегі кемшілік жолына сыймайды.

***

Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер еді.

***

Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ұмыр жүзінде бәйге алмайды.

***

Жүз түйені бір бұралқы ит құйрығына тіркесе, осы ит Ташкент барса, жүз түйе Ташкент кетеді. Итте не жаза бар, түйенің жетекшілігі емес пе?

***

Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күңдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. **Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын таныпып, балалар әбден дағдыланғандығын кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.**

***

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. **Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.** Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

***

XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті.

***

Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана
Республиканская научно-педагогическая библиотека

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

2011 ЖЫЛҒЫ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ДАТАЛАР КҮНТІЗБЕГІ

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС КӨРСЕТКІШІ

Алматы
2010

91.9:74
К 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КІТАПХАНА
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

(VI - XX ғ.ғ.)

II бөлім

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ
ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТКІШІ

АЛМАТЫ
2004

ЫСМАҒҰЛОВ Ж. Шын асылмен қайта қауыштық: [Дарынды ақын, аудармашы А.Байтұрсынов туралы] // Жалын. – 1989. - № 2. – 21 б.

ІЗМҰҚАНОВ М. Ахмет Байтұрсынов әліпбиі: [Қазақтың тұңғыш алфавитін құрғандығы жайлы] // Атырау. – 1994. – 4 қаңтар.

ІЛИЯС Б. Ахмет Байтұрсынұлының түрған үйі: [Қазақ зиялыларының бірі А.Байтұрсынов туралы] // Егемен Қазақстан. -1995. – 22 наурыз.

ІЛИЯС Б. Ахмет Байтұрсынұлының таяғы Қостанай Мемлекеттік университетінің мұражайына қойылды // Егемен Қазақстан. – 2000. – 27 қыркүйек.

ІЛИЯС Б. Құсалықпен өткен өмір: [А.Байтұрсынұлының әйелі Бадрисафа Мұхаметқызы ғұмырының соңғы кезінен бір дерек] // Егемен Қазақстан. – 1993. – 27 наурыз.

ІРГЕБАЕВА Н. Таным үрдісінің алғашқы баспалдағы // Қазақстан мектебі. – 1998. - № 6. – 71-74 б. (А.Байтұрсынов жайлы)

* * *

Байтұрсынов А. // Қайта оралған қаламгерлер (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы, 1994. – 26-54 б. (Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы)

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) // Қазақ халқының халық ағартушылары (халыққа білім беру саласындағы кітапханаларға методикалық-библиографиялық көмек). – Алматы, 1991. – 45-52 б. (Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы).

БАСЫМОВ ҚАЖЫМ АМАНҒАЛИҰЛЫ
(1896-1939)

БАСЫМОВ Қ. Жаңа әріп. Жаңа әрішпен жаңа емеле жаңа дыбыстардың жіктеулері – Алматы,1932 – 36 б.

* * *

БАСЫМОВ Қ.А. // Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедия Т.3. – Алматы,1988 – 127-б.

БАСЫМОВ Қ.А. (1896-1938) // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.2. – Алматы,1999. – 178-б.

САРЫБАЕВ Ш.Ш. Қажым Басымов:[Көрнекті методист Қажым Басымовтың творчествосы туралы] //Қазақ тілі мен әдебиеті.–1958 -№ 5.

ҰЙЫҚБАЕВ И. Көрнекті педагог:[Қ.А.Басымовтың өмірі мен қызметі] // Халық мұғалімі. – 1959. - № 2 – 81-84 б.

ҰЙЫҚБАЕВ И. Қ.А.Басымов // Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші – Алматы,1961. – 5-20 б.

БӨКЕЙХАНОВ ӘЛИХАН.
(1866 - 1937)

БӨКЕЙХАН Ә. Таңдамалы: Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер,еңбектер:монографиялары,мақалалары,сөздері, баяндамалары,

өлеңдері, аудармалары, хаттары /Бас ред.:Р.Н.Нұрғалиев - Алматы:Қазақ энциклопедиясы,1995. – 478 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә.Шығармалар./Құраст.,кіріспесін және өмірбаяндық ғылыми мақаласын жазған тарих ғылымдарының кандидаты М.Қойгелдиев - Алматы:Қазақстан,1994. – 384 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә. Ашық хат,- Сайлау,- Ұры тыю,- Рухани мәдениет қарауылынан,-Мұсылман сиезі // Қазақтың төлімдік ой-пікір антологиясы Т.2./ Құраст.Қ.Жарықбаев,С.Қалиев – Алматы,1998. – 40 – 44 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына 1916 – 1926 (25июнь) // Қаһарлы 1916 жыл (Құжаттар мен материалдар жинағы) II том. – Алматы,1998. – 10–19 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә. 1916 ж., 25 июнь // Қазақ әдебиеті. –1996.– 25 маусым.

БӨКЕЙХАНОВ Ә. Абай (Ибраһим Құнанбаев) //Жұлдыз. – 1991. - № 9. – 110–114 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә."Қалың елдің дариядай толқыны...": 1916 жылғы көтеріліс // Егемен Қазақстан. – 1996. – 4 шілде.

Ол туралы:

БАЗАРБАЕВ М. Әдебиетші, ғалым,қоғам қайраткері:[Әлихан Бөкейханов] // Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет.- Алматы,1997. – 386-414 б.

БӨКЕЙХАНОВ ӘЛИХАН (1866 - 1937) // Қазақтың төлімдік ой-пікір антологиясы Т.2./Құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев – Алматы,1998. 38–39 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә.Н.(1866-1937) // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.2. – Алматы,1999.- 401-404 б.

БӨКЕЙХАНОВ Ә.Н. (1866-1937) // Түркістан. Халықаралық энциклопедия – Алматы,2000.- 227-229 б.

ӘЛИХАН НҰРМАХАМЕДҰЛЫ БӨКЕЙХАН // Қызыл қырғын 37-де опат болғандар /Құрас.К.Қасенов,Ә.Төреханов –Алматы,1994.–6–8 б.

АЙСЫНОВ Б. Бөкейханов және қазақ тағдыры: [Ә.Бөкейхановтың саяси күресі, қазақ халқын өз алдына бір мемлекет, автономия ретінде бірігіп, ел болуын көздегені туралы, халқына сіңірген еңбегі туралы] // Сұхбат. – 1996. – 6 ақпан.

АҚҚҰЛҰЛЫ С. Абай және Әлихан: [Ә. Бөкейхановтың Абай шығармашылығымен байланысты] // Ақиқат. – 1994. - № 8. – 58–64 б.; //Ана тілі. – 1994. – 28 шілде.

АҚҚҰЛҰЛЫ С.Х. Әлихан Бөкейхан (1866 -1937) // Үкімет жаршысы. – 2000. - № 3. – 68 – 69 б.

АҚҚҰЛҰЛЫ С. Әлихан Бөкейханов – аудармашы немесе Л.Н. Толстойдың "Қажымұрат" повесі қалай тәржімеленді? // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 1 шілде.

АҚҚҰЛҰЛЫ С. Әлихан-әдебиетші ретінде // Жұлдыз. – 1993. - №5. – 178 – 185 б.


Республикалық ғылыми-әдістемелік
және педагогикалық басылым
8.2007
ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ
әдістемелік журнал
Астана
Караганда
Алматы



Гауһар ӘБДРАХМАНОВА,
Кулагино орта мектебінің оқушысы.
Индер ауданы
Атырау облысы

Ә. Бөкейханов - теңдік туын көтерген Алаш көсемі

19 ғасырдың аяғы 21 ғасырдың басында қазақ халқының бақытты келешегі, ұлттық тәуелсіздігі үшін күресуші үлкен зиялы топ қалыптасты. Солардың бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы - көрнекі қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Ақын С. Торайғыров:

«Алаш туының астында
Куә болсын арымыз
Көркейтуге алашты
Құрбан біздің жанымыз» - деп айтқандай сол кездегі қазақ зиялылары «Қазақ» газетін шығаруға ұйытқы болды, Алаш көсемдері ұлт рухын ояту үшін өз газетін саналы түрде «Қазақ» деп атаған.

Әлихан Бөкейханов қазақтың басындағы ауыр халді арылтып, санасына жарық сәуле шашу үшін, мұң-мұқтажын баршаға жеткізу үшін, қазақ зиялыларының ой-пікірлері мен көзқарастарын түйістіру үшін «Қазақ» газетін шығарады. «Қазақ» беттерінде қазақ зиялылары жандарына батқан ащы шындықты айтып, қазақтың халі, жер туралы, теңсіздік туралы мәселелерді көтерді. Осы жұмысты жазудағы мақсатым - 20 ғасырда өмір сүрген қазақ зиялыларының өмірімен, қызметімен, олардың өз халқына жасаған баға жетпес орасан еңбектерімен танысу. Ә. Бөкейханов сияқты қазақ зиялыларының еңбектерін бүгінгі, ертеңгі және болашақ ұрпақтардың рухани асыл қазыналары деп тану. Міндетіміз - халық арасында тараған естелік әңгімелер арқылы қазақ зиялыларының өмірлерінің беймәлім жақтарын зерттеу.

Ә. Бөкейхановтың өмірі және саяси қоғамдық қызметі

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысына қарасты №7 ауылда дүниеге келіпті. 1990 жылы шыққан Қарағанды облысына арналған энциклопедияда Әлиханның туған жылы 1866 жыл деп көрсетіліпті. Кейіннен 1992 жылы Омбыдан табылған құжаттарға қарағанда, туған жылы 1870 жыл болуы қисынды тәрізді.

Әлиханның балалық, жастық шағы, шәкірттік жылдары ежелгі қаламыздың тарихымен тығыз байланысты. Алғашында ол Қарқаралыда Зариф деген молда кісіден мұсылманша дәріс алады. Арада екі жыл өткен соң 9 жасында қаладағы Бекметовтың үйінде пәтерде жатып, орысша оқуға түсіп, содан интернатқа ауысады. Жалпы Әлихан Қарқаралыда жеті жыл оқып, оған қалалық училищені тәмәмдады деген аттестат пен куәлік берілген. Бұл 1886 жыл еді. Әлихан Омбы техникалық училишесін және Санкт-Петербург орман институтының экономика факультетін бітірген.

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры Әлихан Ермековтың айтуына қарғанда Ә. Бөкейхан Санкт-Петербургте оқыған жылдары университеттің заң факультетін экстрен түрінде бітіріп шығады. Бір қызығы, сол жылдарда Петербург университетінде большевиктердің болашақ көсемі Ульянов Ленин де Әлиханмен бірге оқыпты. 1894 жылы Ә. Бөкейхан «Ғалым-орманшы» және «Заңгер» деген қос диплом алып елге оралады.

Әлихан 19 ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен шұғылдана бастайды. Ол 1896 жылы көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18-томына автор ретінде қатысады. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Ол ұлыдержавалық өктемдік пен тапшылық, отаршылдыққа қарсы шыққаны үшін Семей, Павлодар түрмелеріне қамауға алынды. Бірінші орыс революциясы жеңіліс тапқаннан кейін Самара қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1911-1914 жылдары Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. «Қазақ» газетін шығаруға ұйытқы болды.

Әлихан, Ахмет, Жақыптар Алаш партиясын құрып, 1917 жылы желтоқсанда өткен осы партияның съезінде Ә. Бөкейхан Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланды.

1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімінен кейін Әлихан Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылдары екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейханның зор беделінен қорыққан большевиктер

Ә. Бөкейхан – теңдік туын көтерген Алаш көсемі

ISSN 0207-5474

Бастауыш МЕКТЕП

6, 2008

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

С. САХИТЖАНОВА,
Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ оқытушысы

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғам және мемлекет қайраткерлері болған қазақ зиялыларының қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Бөкейхан. Ол – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. Санкт-Петербургтың Орман институтында оқыған жылдары Әлиханның саяси көзқарасы қалыптаса бастайды, екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған ескі феодалдық қарым-қатынастардан әлі арыла қоймаған, рулық, феодалдық күрес-тартыстан көзін аша алмаған туған халқының тағдыры оны қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандық шырмауынан құтыла алмай отырған халқына, ең алдымен, білім мен мәдениет керек екендігін анық ұғады. Халқын Еуропаның мәдениеті жоғары елдері санатына қосуды арман қылып, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат қылып қояды. Өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сейтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер-білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп біледі.

1894 жылы Орман институтының орман экономисі мамандығын бітіргеннен кейін халықты сауатсыздықтан құтқару үшін оқу-ағарту қажет екендігін түсінген ол Омбы қаласындағы төменгі дәрежедегі орман мектебінде мұғалім болып жұмыс істейді.

Ә.Бөкейхан тілдің дамуы халық тағдырымен тығыз байланысты екенін түсініп, өзінің көптеген еңбектерінде ана тіліне ерекше көңіл аударады. Мысалы, "Қазақ" газетіне жарияланған "Мұсылман сиезі" мақаласында ол былай деп жазады: "...Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған қазақтың тілі қалай жоқ болады. Біздің қазақ осы тілін тастап, татарға мінгескені адасқандық болар, біз – қазақ татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес, Кавказ, Қырым аулындағы татарды Қазан татарымен сөйлестірсе, бірін-бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы бәр облыста бәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһаншаһ екеуміз".

Халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген Әлиханн Бөкейхан қазақтың тұңғыш газеті "Дала уалаятының газеті" жабылып қалған соң, қазақ тілінде газет шығаруды ұйымдастыруға жан салады. 1905 жылы Мәскеуде өткен орыстың "жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері" съезіне 5 миллионға жуық қазақ халқының атынан өкіл болып барып, съездің Романов үйінде өткен мәжілісінде жасаған баяндамасында ол қазақ халқының тіл, сайлау, діни және тағы басқа бостандықтары мәселесін көтереді: "...ближайшей нуждой казахов является свобода в употреблении родного языка, особенно необходимая в виду предстоящей выборной агитации, и я присоединяюсь к предложению тех товарищей, которые просили съезд высказаться за немедленную отмену всех ограничений в правах местных языков". Қазақ мектептерін ашудағы қиындықтар, қазақ тілінің жағдайы туралы былай дейді: "У нас также преследуется школа с казахским языком, нас тоже давит цензура. Вот уже 13 месяцев, например, не могу добиться от цензуры разрешения на издание киргизского перевода 46-ти басен И.Крылова. Крестьянские начальники (большей частью бывшие ротмистры) не

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын,
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі –Күн, Бірі-Шолпан, Бірі –Айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын?

С. Торайғыров

АБЗАЛ АЗАМАТ – ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдірахманова Г. Ә. Бөкейханов - теңдік туын көтерген Алаш көсемі /Г. Әбдірахманова //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2007. - №8. - 32-36 б.
2. Әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері [Әлихан Бөкейханов] //Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: тандамалы ғылыми зерттеулері /М.Базарбаев. – Алматы, 2005. – Екінші басылымы. - 391-418 б.
3. Әлихан Бөкейханов (1866-1937) //Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. – Т.10 . XY-XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері. - Алматы, 2010. - 172-174 б.
4. Әлихан Бөкейханов //Бөкейханов Ә. Шығармалар / Ә. Бөкейханов - Алматы, 1994. – 5-91 б.
5. Әлихан Бөкейханов (1866-1937) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: 2 томдық. - Т.2. (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) /құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – 38-44 б.
6. Әлихан Бөкейхан. Таласып-тартыспаған кісіге де, халыққа да ... бәйге жоқ: [Әлихан Бөкейханов] //Қойгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ.-XXI ғ. басы): монография / М.. Қойгелдиев. - Алматы, 2014 .- 238-257 б.
7. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан //Бөкейхан Ә. Таңдамалы = Букейхан А. Избранное /Ә. Бөкейхан; гл.ред. Р.Нургалиев. - Алматы, 1995. – 5-29 б.
8. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937) //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия /бас. ред. Ә.Нысанбаев. - Т. 2. – Алматы, 1999. – 401-404 б.
9. ”Қайткенде Алаш көркейер” деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған... //Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы = Букейхан А. Полное собраний сочинений /Ә. Бөкейхан. - Т. 1. - Астана, 2009. – 5-89 б.
10. Қойгелдиев М. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937) //Түркістан: халықаралық энциклопедия /бас. ред. Ә.Нысанбаев. - Алматы, 2000. - 227-229 б.
11. Қойгелдиев М. Бөкейханов Ғалихан (Әлихан) Нұрмұхамедұлы //Алаш. Алашорда: энциклопедия /құраст. Ғ. Әнес, С. Смағұлова.- Алматы, 2009. – 108-114 б.
12. Ұлт рухы: қанатты сөздер: [Ә. Бөкейханның қанатты сөздері] /құраст. Е. Зәңгіров. – Алматы: ARNA, 2015. -160 б.
13. http://kk.wikipedia.org/wiki/Әлихан_Нұрмұхамедұлы_Бөкейхан (қаралған уақыты – 05.04.2016)
14. http://bigox.kz/alixan-bokejxanov/(қаралған уақыты – 05.04.2016)